

**Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және
терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі
Еуразиялық Топ құзырына жататын мәселелер (ЕАТ)
(Мәскеу, 2004 жылғы 6 қазан)**

1. ЕАТ-ның негізгі мақсаты заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың халықаралық жүйесінде ФАТФ ұсынымы, халықаралық конвенцияға сәйкес БҰҰ Қауіпсіздігі мен ЕАТ мүше елдерінің қарарына сәйкес аймақтық деңгейде және ЕАТ мүше елдер интеграциясында тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету болып табылады.

2. ЕАТ ның негізгі міндеттері:

а) мүше мемлекеттерге заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру саласында ФАТФ-тың 40 ұсынымын және терроризмді қаржыландыруға қарсы ФАТФ-тың 8 арнайы ұсынымын (ФАТФ-тың 40+8 ұсынымы) енгізуге ықпал ету;

б) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласына бағытталған бірлескен шаралар әзірлеу және өткізу;

в) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласына қолданылатын заңнамалардың тиімділігін және басқа да шараларды үйрене отырып, мүше мемлекеттердің ФАТФ 40+8 базасында өзара бағалау бағдарламасын жүзеге асыру;

г) халықаралық ынтымақтастық және мамандандырылған халықаралық ұйымдармен, құрылымдармен және мүдделі мемлекеттермен техникалық ықпалды үйлестіру бағдарламасы;

д) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында және осындай қылмыстарға

қарсы әрекет етуде аймақ ерешелігін ескере отырып тәжірибе алмасу үрдісіне (тенденциясы) сараптама.

3. 2004 жылы 6 қазанда Мәскеу қаласында өткен құрылтайшы конференциясында Декларацияға қол қойған Еуразиялық аймақтағы мемлекеттер ЕАТ мүше құрылтайшылары болып табылады.

ЕАТ мүшелігіне өту өзге аймақтағы мемлекеттер үшін де ашық:

а) ФАТФ-тың 40+8 ұсынымына сәйкес заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша заңнамалар қабылдауға және әзірлеуге белсенді қадамдар қолданылады;

б) ЕАТ өзіне өзара бағалау бағдарламасына қатысуға міндеттеме жүктейді;

в) ЕАТ-ның пленарлық мәжілістері мен өзге де іс-шараларына белсенді түрде қатысуға өзіне міндеттеме жүктейді.

Мұндай мемлекет аймақтары ЕАТ-ның пленарлық мәжілісінің тиісті үндеу бойынша бекіту алғаннан кейін ЕАТ мүшесі мәртебесін алады.

4. ЕАТ-ның мақсаты мен міндеттерін қолдайтын өзге мемлекеттер, халықаралық ұйымдар мен аймақтық құрылымдар Құрылтайшы конференция немесе Пленарлық мәжіліс шешімі бойынша бақылаушы мәртебесін ала алады және Пленарлық мәжілістер мен өзге ЕАТ іс-шараларына дауыс құқығынсыз қатысып, сондай-ақ, оның қаржыландыру қызметіне ерікті жарна қоса алады.

5. ЕАТ-ның жоғарғы органы ережесі бойынша жылына екі рет өткізілетін ЕАТ мүше-елдерінің өкілетті өкілдерінің Пленарлық мәжілісі болып табылады.

Пленарлық мәжілістердегі қабылданатын барлық шешімдер ЕАТ мүше мемлекеттердің консенсустық жетістігі бойынша қабылданады.

6. ЕАТ төрағасы Құрылтайшы конференциясы немесе ЕАТ-ның Пленарлық мәжілісінде ротация негізінде екі жылдық кезеңге бекітіледі. Ол

Пленарлық мәжіліс жұмысын басқарып, сыртқы байланыстарда ЕАТ мүддесін таныстырады.

7. Құрылтайшы конференциясының немесе ЕАТ-ның Пленарлық мәжілісінің шешімі бойынша ротация негізінде ЕАТ төрағасы болмаған кезде ауыстыра алатын және ЕАТ Төрағасының оған жүктеген міндеттерін орындай алатын ЕАТ Төрағасының орынбасары тағайындалады.

8. ЕАТ-ның Пленарлық мәжілісі мен Құрылтайшы конференциясының шешімі бойынша ЕАТ қызметінің өзге бағытында Пленарлық мәжілістің белгіленген саладағы құзырындағы есепті ұсына алатын Жұмыс топтары құрыла алады.

9. ЕАТ Хатшылығы Пленарлық мәжілістің шешімін іске асыру және ЕАТ Төрағасының тапсырмаларын орындау мақсатында тұрақты негізде әкімшілік-техникалық қызметтерді атақарады.

Хатшылық персоналдары ЕАТ мүше мемлекеттердің азаматтарынан құралады.

ЕАТ Хатшылығының орналасқан жері Мәскеу қаласы (Ресей Федерациясы). ЕАТ Хатшылығының қызметін Ресей Федерациясы қамтамасыз етеді.

10. ЕАТ-ны қаржыландыру мүше мемлекеттердің және бақылаушылардың ерікті жарнасы есебінен іске асырылады, сондай-ақ, ЕАТ-ның Пленарлық мәжілісінде расталған өзге де көздерден.

ЕАТ мүшелері ЕАТ қызметіне өз өкілдерінің қатысу шығынын дербес жүргізеді.

11. ЕАТ жұмыс жоспарын ЕАТ Пленарлық мәжілісінде бекітеді.

12. ЕАТ-ның жұмыс тілі – орыс және ағылшын тілдері.

13. Осы Мәселелер құзыреті ЕАТ Пленарлық мәжілісінің шешімі бойынша өзгеруі мүмкін.